

Р.Е.Джуншеев 

философия ғылымдарының кандидаты, доцент,
М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті
Тараз қаласы, Қазақстан
zhunshev@gmail.com

ЙАСАУИ ЖӘНЕ АБАЙ ИДЕЯЛАРЫН ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНА БЕЙІМДЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақала Абай Құнанбайұлы мен Қожа Ахмет Йасауидің рухани мұраларындағы адамгершілік, әділеттілік және рухани жетілу идеяларын қазіргі қазақ қоғамының мәдени-әлеуметтік мәселелері контекстінде талдайды. Жұмыста олардың идеяларының жастар тәрбиесіндегі, ұлттық бірегейлікті сақтаудағы және жаһандану жағдайындағы рухани жаңғырудағы маңызы жан-жақты қарастырылған.

Зерттеу барысында Абай мен Йасауидің еңбектеріндегі негізгі идеялар анықталып, оларды заманауи білім беру жүйесіне, әлеуметтік және мәдени өмірге интеграциялау жолдары ұсынылады. Сонымен қатар, зерттеу әдіснамасы ретінде диалектикалық, герменевтикалық, феноменологиялық және тарихи-салыстырмалы тәсілдер қолданылған.

Бұл зерттеу Абай мен Йасауидің рухани сабақтастығын көрсетіп, олардың идеяларының ұлттық мәдениет пен руханиятты нығайтудағы рөлін анықтауға бағытталған.

Тірек сөздер: Абай Құнанбайұлы, Қожа Ахмет Йасауи, рухани мұра, рухани жаңғыру, адамгершілік тәрбиесі.

Кіріспе. Абай Құнанбайұлы мен Қожа Ахмет Йасауи – қазақ руханияты мен мәдениетінің терең тамырын айқындайтын тұлғалар. Олардың мұралары адамгершілік, рухани кемелдену, және ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелерінде ерекше орын алады. Қазақ қоғамы қазіргі уақытта жаһандану үдерістерінің ықпалында тұрғандықтан, ұлттық құндылықтарды сақтау және оларды жаңғырту мәселесі бұрын-соңды болмаған өзектілікке ие болып отыр.

Абайдың шығармашылығы мен Йасауидің сопылық ілімі қазақ халқының рухани әлемінің екі маңызды тірегі ретінде танылады. Олар тек тарихтағы емес, бүгінгі замандағы да ұлттық сананың жаңғыруы мен өркендеуіне бағыт-

бағдар бере алады. Абайдың ағартушылық идеялары мен Йасауидің діни-мистикалық көзқарастары адамның рухани өсуіне, ішкі әлемін байытуға шақырады. Бұл идеялар қазіргі заманғы қазақ қоғамының рухани дамуына және жаһанданудың теріс ықпалына қарсы тұру үшін қажетті бағыт-бағдар бола алады.

Жаһандану жағдайында мәдени бірегейлік пен рухани құндылықтарды сақтау қажеттілігі әр ұлт үшін басты мәселелердің біріне айналды. Осы тұрғыда Абай мен Йасауидің мұраларын терең зерттеу, олардың идеяларын бүгінгі күннің талабына сәйкес бейімдеу ұлттық рухани жаңғырудың маңызды бір құралы болып табылады.

Абай мен Йасауи идеялары – адамзаттың мәңгілік құндылықтарына негізделген терең рухани ілімдер. Бұл зерттеудің басты мақсаты – осы идеяларды қазіргі заман контекстінде қайта саралап, олардың қазақ қоғамының рухани жаңғыруындағы рөлін анықтау. Сондай-ақ, олардың мұраларын заманауи мәдени, әлеуметтік және білім беру жүйесіне бейімдеудің тиімді жолдарын талдау.

Бұл мақсаттарды жүзеге асыру қазақ халқының тарихи мұрасын сақтап, оны қазіргі замандағы әлеуметтік-мәдени және рухани мәселелерді шешу үшін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Зерттеу шарттары мен әдістері.

Абай Құнанбайұлы мен Қожа Ахмет Йасауи идеяларын қазіргі қазақ қоғамына бейімдеу мәселесі отандық философияда кеңінен зерттелуде. Бұл бағытта көптеген ғалымдар олардың рухани мұраларын қазіргі заман талаптарына сәйкестендіру жолдарын қарастырып, ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға үлес қосуда.

Абайдың ағартушылық идеялары мен Йасауидің сопылық ілімі қазақ халқының рухани дамуының негізі ретінде қарастырылады. Олардың еңбектері адамгершілік, білім, және рухани кемелдену мәселелерінде маңызды орын алады. Қазіргі зерттеулерде осы идеяларды білім беру жүйесіне енгізу, жастардың тәрбиесінде пайдалану, және ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелері талқылануда.

А. Қасымжановтың бұл саладағы еңбектері ерекше атап өтуге тұрарлық. Ол Абайдың философиялық көзқарастарын терең зерттеп, оның ұлттық интеллигенцияның қалыптасуына әсерін айқындады. Қасымжанов Абайдың қазақ мәдениетіне енгізген жаңалықтарын, әсіресе «қара сөздер»

арқылы халыққа үндеу жасағанын атап көрсетеді. Оның пікірінше, Абайдың «қара сөздері» – өз халқына деген құштарлықтың, үндеудің, манифесттің көрінісі болып табылады.

Қожа Ахмет Йасауидің рухани мұрасын зерттеу және оны қазіргі қазақ қоғамына бейімдеу мәселесі қазақ философиясында маңызды орынға ие. Бұл бағытта Ясауидің мұрасын түрлі қырынан қарастырған ғалымдардың бірі – А. Қасымжанов. Ол Йасауидің сопылық философиясын зерттеуде елеулі үлес қосқан.

А. Қасымжанов Қожа Ахмет Йасауидің рухани мұрасын қазақ философиясында жаңа деңгейде танытып, оның идеяларын ұлттық мәдениеттің іргетасы ретінде бағалады. Оның зерттеулері қазіргі қазақ қоғамының рухани құндылықтарын жаңғырту мен сақтау мәселелерінде маңызды орын алады.

А. Қасымжановтың Қожа Ахмет Йасауи мұрасын зерттеуге арналған еңбектері оның философиялық көзқарастарын терең талдаумен ерекшеленеді. Оның «Қазақ философиясының тарихы» атты еңбегінде [1] Йасауидің сопылық ілімі мен оның қазақ мәдениетіндегі орны жан-жақты қарастырылған. Бұл зерттеуде Қасымжанов Йасауидің рухани мұрасының қазіргі қазақ қоғамындағы маңыздылығын атап көрсетеді.

Сонымен қатар, А. Қасымжановтың «Абай және рухани мәдениет» атты еңбегінде [2] Абай Құнанбайұлы мен Қожа Ахмет Йасауи идеяларының сабақтастығы мен олардың қазақ халқының рухани дамуына қосқан үлесі талданады. Бұл зерттеуде ғалым Абай мен Йасауидің философиялық көзқарастарының үндестігін және олардың қазіргі

заманға бейімделу мүмкіндіктерін көрсетеді.

А. Қасымжановтың бұл еңбектері Қожа Ахмет Йасауи мұрасын қазіргі қазақ қоғамына бейімдеу мәселесін зерттеуде маңызды дереккөздер болып табылады.

Қорыта айтқанда, А. Қасымжановтың еңбектері Абайдың философиялық мұрасын терең түсінуге және оны қазіргі заманға бейімдеуге зор үлес қосады. Оның зерттеулері арқылы Йасауи мен Абайдың идеяларының өзектілігі мен маңыздылығы айқындалып, оларды қазіргі қазақ қоғамының рухани дамуына қолдану мүмкіндіктері кеңейе түседі.

Басқа да зерттеушілер Абай мен Йасауидің рухани идеялары арасындағы ұқсастықтарды, ортақ құндылықтарды талдауға ерекше назар аударған.

Ғ.Есім [3] мен М.Х. Балтабаев [4] еңбектерінде Абайдың «Толық адам» концепциясы мен Йасауидің сопылық іліміндегі рухани кемелдік идеялары салыстырылып қарастырылады.

Д.Кенжетай [5] Ахмет Йасауидің сопылық философиясын қазіргі қазақ мәдениетімен байланыстырып, оның адамгершілік, иман және өзін-өзі тану идеяларының бүгінгі маңызын көрсетеді.

С.Нұрмұратов [6] пен З.Керімбаева [7] еңбектерінде Абай мен Йасауидің адамның ішкі дүниесін жаңғырту мен рухани тәрбиелеуге бағытталған көзқарастары талданған.

Қазіргі зерттеулерде Абай мен Йасауи идеяларын жастар тәрбиесі, ұлттық бірегейлік және білім беру салаларында бейімдеу жолдары ұсынылуда.

Р.Нұрғалиев [8] Йасауидің адамгершілік идеяларын заманауи

қоғамда қолдану мәселелерін көтереді.

Қ.Нұрланова [9] цифрлық дәуірде қазақтың рухани құндылықтарын насихаттау жолдарын ұсынады

Абай мен Йасауи идеяларын қазіргі қазақ қоғамына бейімдеу мәселесі бойынша зерттеулер жеткілікті деңгейде жүргізіліп келеді. Алайда, олардың қазіргі заманға бейімделуі жеткілікті дәрежеде зерттелмеген. Бұл зерттеулерді практикаға бағыттап, идеялардың заманауи талаптарға сәйкес қолдану тетіктерін әзірлеу қажет. Сондай-ақ, олардың мұраларын жаһандану жағдайында ұлттық рухани жаңғыруға тиімді құрал ретінде қарастыру мәселелеріне тереңірек мән берілуі керек.

Осы тұрғыдан алғанда, Абай мен Йасауидің рухани идеяларын зерттеу әрі қолдану – бүгінгі қазақ қоғамының рухани дамуы мен ұлттық бірегейлігін сақтаудағы маңызды міндеттердің бірі.

Бұл тақырып күрделі және пәнаралық сипатқа ие болғандықтан, оны зерттеу үшін әртүрлі ғылыми әдіснамалық тәсілдер мен әдістер кешені қолданылады.

Философиялық әдіснамалық негіздерден диалектикалық әдіс арқылы Абай мен Йасауидің идеяларын уақыт пен кеңістіктегі өзгерістер контекстінде қарастыру олардың ойларының қазіргі заманға бейімделу динамикасын түсінуге мүмкіндік береді. Герменевтикалық әдіс Абайдың «Қара сөздері» мен Йасауидің «Диуани хикмет» еңбектерін терең түсініп, интерпретациялауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелерінде осы әдісті қолданудың мысалдарын бердік. Бұл тәсіл олардың мәтіндеріндегі рухани және философиялық идеяларды қазіргі

әлеуметтік жағдайға сәйкестендіре талдауға көмектеседі. Сонымен қатар, феноменологиялық әдіс Абай мен Йасауи идеяларын қазақ халқының мәдениетінде орын алған рухани феномендер ретінде зерттеп, олардың заманауи қоғамдағы рөлін анықтайды.

Пәнаралық әдістердің арасында тарихи-салыстырмалы әдіс Абай мен Йасауи идеяларын әртүрлі тарихи кезеңдердегі қазақ халқының рухани және мәдени дамуымен салыстыра отырып зерттейді. Бұл тәсіл олардың идеяларының үздіксіздігі мен өзгерістерін талдауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік талдау қазіргі қазақ қоғамындағы рухани және әлеуметтік-мәдени мәселелерді анықтап, осы мәселелерді шешуде Абай мен Йасауи идеяларының қолдану мүмкіндіктерін қарастырады.

Практикалық әдістердің ішінде контент-анализ Абайдың «Қара сөздері» мен Йасауидің «Диуани хикмет» мәтіндерін құрылымдық және мағыналық тұрғыда талдайды, олардың негізгі идеяларын анықтап, заманауи қоғамдағы өзектілігін көрсетеді. Сонымен қатар, кейс-стади әдісі Абай мен Йасауи идеяларын қазіргі білім беру, мәдениет және әлеуметтік салаларға интеграциялау бойынша нақты мысалдарды зерттеуге негізделеді.

Синтез және жүйелеу кезеңінде синтетикалық әдіс Абай мен Йасауидің идеяларын біртұтас рухани және философиялық жүйе ретінде қарастырып, олардың өзара байланысын ашып көрсетеді.

Абай мен Йасауи идеяларын қазіргі қазақ қоғамына бейімдеуде кешенді әдіснамалық және әдістемелік тәсілдерді қолдану маңызды. Бұл зерттеу әдістері олардың рухани және философиялық мұрасының тереңдігін ашып,

заманауи мәдени, әлеуметтік, және білім беру салаларына тиімді бейімдеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері және талқылау. Абай Құнанбайұлы мен Қожа Ахмет Йасауи – қазақ халқының рухани мұрасында ерекше орын алатын ойшылдар. Олар адамның рухани кемелденуін, әділеттілік пен адамгершілікті өмір сүрудің негізгі қағидаттары ретінде қарастырып, қоғам мен жеке адамның үйлесімді дамуына бағытталған идеяларды ұсынды. Абай мен Қожа Ахмет Ясауи шығармалары арасында терең рухани сабақтастық бар, бұл қазақ халқының рухани құндылықтарының тарихи жалғастығы мен үздіксіздігін дәлелдейді. Белгілі ғалым Ғарифолла Есім бұл байланыс туралы былай деп атап өтеді: «Абай суфизмді... ілім ретінде Ахмет Исауи секілді суфизмнің аса көрнекті ойшылының шығармалары арқылы танысқан». Ол сондай-ақ «Суфизм және Абай» тың тақырып. Бұл тақырыпты зерттеуді алдымен Ахмет Исауиден бастау керек» деп, олардың рухани сабақтастығын қарастырудың маңыздылығын айрықша атап көрсетеді. [3, 73 б.] Бұл пікір Абайдың рухани ілімдеріне тереңірек үңіліп, оның Йасауи шығармашылығымен байланысын зерттеудің қажеттілігін айғақтайды.

Абай Құнанбайұлы мен Қожа Ахмет Йасауидің рухани мұраларында дін мен руханият мәселелері ерекше орын алады. Олардың шығармаларында діннің мәні, адамның рухани жетілуіндегі рөлі және Жаратушыға жақындау жолдары терең талданған. Бұл идеялар қазіргі қазақ қоғамында рухани құндылықтарды жаңғырту мен нығайтуда маңызды бағыт-бағдар бола алады.

Абай дінді адамның рухани дамуының негізі деп санағанымен, оны терең түсіну мен шынайы орындауды талап етті. Ол діннің сыртқы формаларына емес, оның ішкі мәніне, рухани мазмұнына ерекше мән берген. Оның пікірінше, иман – Алланың бірлігіне, Құранның оның сөзі екендігіне, пайғамбардың елшісі екендігіне шын көңілмен сену. 13-қара сөзінде Абай иманның шынайы мәнін түсініп, дінді ұстануда рухани тазалық пен шын жүректен сенімнің маңыздылығын атап көрсетеді [10, 54-55 б.б.]. Ал 38-қара сөзінде діннің негізгі мақсаты адамның Алланың ұлықтығын сезінуі мен оның махаббатын жүрегінде ояту екенін жазады. Ол дінді адамгершілік пен әділеттілікті орнатудың құралы ретінде қарастырды. [10, 113-115 б. Б.].

Қожа Ахмет Йасауи дін мен руханияттың өзара байланысын сопылық ілім арқылы көрсеткен ойшыл. Йасауидің пікірінше, діннің басты мақсаты – Алланы тану және оған жүреппен жақындау. Қожа Ахмет Йасауидің «Қожа Ахмет тастай қашты нәпсі тағын. Аллаға ұйыуға арнап жақсы шағын. Құс жүрек аңсай ұшты Хақ құшағын» деген жолдары оның сопылық ілімінің негізгі қағидаларын терең бейнелейді. [11, 64 б.] 17 хикметте айтылған бұл сөздері рухани жетілу жолындағы адамның маңызды қадамдарын – нәпсіні жеңу, Аллаға ұмтылу және шынайы махаббат арқылы Хаққа жақындауды бейнелейді. Бұл жолдар адамның өз жан дүниесін тазартып, өмірінің ең құнды уақытын рухани мақсаттарға арнауы керектігін көрсетеді. Йасауи ілімі бойынша, адам өзінің жүрегін құс секілді Хаққа ұмтылған кезде ғана шынайы рухани кемелдікке жете алады.

Йасауи сопылық ілімінде адамның нәпсісін тәрбиелеу, жүрегін тазарту және Жаратушыға толық мойынсұну басты орын алады. Ол дінді рухани тазалықтың, әділеттіліктің және махаббаттың негізі деп түсіндіреді. Хикметтерінде ол ізгілікке ұмтылып, зұлымдықтан аулақ болуға шақырады, бұл адамның рухани жетілуі мен Жаратушыға жақындауына мүмкіндік береді. Сонымен бірге, Йасауи адамның жүрегін тазарту арқылы Алланың нұрына жетуді мақсат етеді.

Абай мен Йасауи діннің сыртқы формаларына қарағанда оның ішкі мазмұнына, рухани тереңдігіне ерекше назар аударады. Адамның жүрек тазалығы мен Жаратушыны тануына басымдық бере отырып, екі ойшыл да Аллаға махаббат пен әділеттілік арқылы жақындауды насихаттайды. Абайдың «Иманигүл» идеясында махаббат пен әділеттілік иманның ажырамас бөлігі ретінде сипатталса, Йасауи сопылық ілім арқылы Аллаға жақындау жолын көрсетеді. Абай адамның ар-ұятын сақтап, рухани кемелденуге шақырса, Йасауи нәпсіні тыю арқылы рухани жетілуді насихаттайды. Осыған байланысты, Досай Кенжетайдың «Абайдың Алланы танудағы сопылық дүниетанымдық таным негізін ұстанғандығын көруге болады» деген тұжырымымен толық келісуге болады. [5, 255 б.]

Абай әділеттілікті адамның ең жоғары қасиеттерінің бірі ретінде қарастырады. Ол 38-қара сөзінде: «Олай болғанда, ғадаләт рафғат болуға кімде-кімнің әділеті жоқ болса, оның иманы жоқ деген дәлел дүр. Бәлки ғадаләт – барша ізгіліктің анасы дүр. Ынсап, ұят – бұл ғадаләттан шығады» деп әділеттіліктің адамның рухани жетілуі мен қоғамның тұрақтылығы

үшін маңызды екенін айтады [10, 125 б]. Абайдың бұл сөзін талдай отырып, оның әділеттілікті адамгершілік пен рухани құндылықтардың іргетасы ретінде түсінгенін көреміз. Бұл тек философиялық пайымдау ғана емес, сонымен бірге қоғамға, адамзатқа бағытталған рухани үндеу.

Йасауи де әділеттілік пен шындықты өмір сүрудің негізі ретінде қарастырған Қожа Ахмет Ясауидің «Хикметімді аңғарғанға айтыңыз, Қара қылды қақ жарғанға айтыңыз» деген сөздері терең мағыналы рухани үндеу болып табылады. [11, 21 б] Бұл сөздер әділеттілік пен шыншылдықты аңғартады. Йасауи өзінің хикметтерін тек әділетті, ақиқатқа ұмтылған, жан дүниесі таза адамдарға айту керектігін ескертеді. Йасауидің бұл сөздері адамның рухани жетілуінің маңызды талаптарын, әділеттілік пен шындыққа деген адалдықты бейнелейді. Бұл – әрбір оқырманға немесе тыңдаушыға қойылатын рухани және моральдық биік талап.

Адамгершілік мәселесінде де Абай мен Йасауидің ойлары үндес келеді. Абай он тоғызыншы қара сөзінде адамдық болмыстың мәнін аша отырып, адамның рухани тазалығы мен мінез-құлқындағы адамгершілік қасиеттердің орнына ерекше мән береді. Ол адамның адамгершілікке жетуі үшін өзін-өзі тәрбиелеуі және ішкі кемшіліктерімен күресуі қажет екенін түсіндіреді: «...білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады» [10, 66 б]. Абай үшін «адам» деген атақ – бұл ар-ұжданды, әділетті, ақылды және пайдалы істер атқаратын тұлғаға берілетін сипаттама. Ол адамның сыртқы келбеті емес, оның ішкі қасиеттері мен іс-әрекеттерінің

мәнділігі арқылы бағаланатынын меңзейді. Тек жақсы мен жамандықты ажыратып, жақсылықты көбейтіп, жамандықтан сақтану арқылы ғана адам шынайы адамгершілікке жетеді.

Йасауи де адамгершілікті рухани тазалық пен Хаққа жақындық арқылы жүзеге асыруды ұсынады. Оның хикметтерінде: «Ішкі-сыртың бірдей келіп, жақсарсаң ба–Жарылқар құдай өзі махшар таңда» деген 33 хикметтегі сөздері рухани тазалықтың маңыздылығын айшықтайды және оның адамгершілікке жетудегі рөлін айқындайды [11, 88 б]. Йасауидің «Ішкі-сыртың бірдей келіп, жақсарсаң ба» деген ойы адамның шынайылыққа, рухани тазалыққа ұмтылуын және ішкі жан дүниесі мен сыртқы әрекеттерінің үйлесімділігін баса көрсетеді. Оның бұл идеялары адамды рухани жетілуге, әділеттілік пен адалдыққа үндейді. Егер адам өзінің ішкі әлемін тазартып, сыртқы әрекеттерін соған сәйкес келтірсе, ол Жаратушының мейіріміне бөленеді деген сенім айқын байқалады. Бұл идея қазіргі қоғамдағы шынайылық пен рухани тәрбиеге деген қажеттілікке де сәйкес келеді.

Абайдың «Толық адам» ілімінде ақыл, жүрек және әділеттілік негізінде кемелденген адам бейнесі сипатталса, Йасауи рухани жетілуді жүрек тазалығы арқылы анықтайды. Абайдың «Осы үшеуің (ақыл, жүрек, қайрат)...бір кісиде табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам–сол» деген тұжырымы [10, 63 б] мен Йасауидің «Жақсарсаң ба» деген сөзі адамның рухани дамуының ортақ мақсатын көрсетеді. Йасауи де рухани жетілуді адамның өмірлік мақсаты ретінде қарастырады. Бұл жетілу тек сыртқы әрекеттерді жақсартумен ғана емес, ішкі жан дүниесін тазартып, шынайы

рухани құндылықтарды игерумен жүзеге асады. Оның бұл сөзі адамның өзін-өзі тәрбиелеп, кемелденуге ұмтылуы қажеттігін меңзейді.

Қазіргі қазақ қоғамы үшін Абай мен Йасауидің дін мен руханият туралы идеяларының маңызы зор. Олар дінді рухани жетілу мен әділеттілік орнатудың жолы ретінде түсіндіреді. Бұл идеялар діннің шынайы мәнін түсініп, оны қоғамның рухани негізін нығайтуға пайдалану қажеттігін көрсетеді. Сонымен қатар, экстремизм мен радикализмге қарсы күресте діннің рухани мазмұнын түсіндірудің маңызы ерекше. Йасауи мен Абайдың идеялары дінді гуманистік тұрғыдан түсінуге негіз бола алады.

Абай мен Қожа Ахмет Йасауидің дін мен руханият туралы идеялары қазіргі қазақ қоғамының рухани және әлеуметтік мәселелерін шешуде үлкен маңызға ие. Олар дінді адамның рухани дамуының негізі ретінде қарастырып, оны әділеттілік, адамгершілік және махаббат сияқты құндылықтармен байланыстырған. Бұл идеялар ұлттық мәдениеттің рухани тірегі болып табылады және қазіргі заманғы жаһандану мен рухани дағдарыс жағдайында ерекше өзектілікке ие.

Абай мен Йасауидің идеяларының сабақтастығы қазақ халқының рухани құндылықтарының тарихи жалғастығын айқын көрсетеді. Олар адамның рухани жетілуін жеке тұлғаның ғана емес, қоғамның да тұрақтылығы мен дамуының негізі деп санайды. Абай мен Йасауидің шығармалары адамгершілік пен әділеттілікке негізделген үйлесімді қоғам құрудың іргетасы болып табылады.

Сонымен, бұл ойшылдардың идеялары бүгінгі күні аса өзекті. Олар рухани құндылықтарды

жаңғыртып, жеке адамның жетілуіне ғана емес, қоғамның әлеуметтік және мәдени дамуына да ықпал етеді. Абай мен Йасауидің мұрасы қазақ халқының рухани байлығының мәңгілік құндылықтарын айқындай отырып, жаңа ұрпаққа адамгершілік пен әділеттілікке негізделген өмір сүрудің үлгісін ұсынады.

Абай Құнанбайұлы мен Қожа Ахмет Йасауидің рухани мұрасы қазіргі қазақ қоғамындағы рухани дағдарысты еңсеруге, ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға және жастардың рухани тәрбиесін күшейтуге бағыт-беруші құрал бола алады. Бұл мұраны тиімді пайдалану үшін бірнеше практикалық ұсыныстарды жүзеге асыру қажет. Біріншіден, Абайдың «Қара сөздері» мен Йасауидің «Диуани хикмет» шығармаларын білім беру жүйесіне енгізу маңызды. Мектептер мен жоғары оқу орындарының бағдарламасына бұл шығармалардың үзінділерін әдебиет, тарих және философия сабақтарына қосып, жастарды ұлттық рухани мұрамен таныстыру қажет. Арнайы элективті курстар немесе пәндер арқылы жастарды рухани-адамгершілік тәрбиесіне баулуға болады. Мысалы, «Абай мен Йасауи тағылымдары» атты факультативті курс ұйымдастыру осы мақсатқа қызмет етеді.

Заманауи технологияларды қолдану арқылы Абай мен Йасауидің идеяларын танымал етуге болады. Олардың шығармаларын электрондық және аудиокітап форматында ұсыну, қысқа бейнероликтер мен подкасттар арқылы түсіндіру жастар арасында қызығушылық тудырады. Әлеуметтік желілерде мотивациялық хикметтер мен Абайдың қара сөздерінен үзінділерді тартымды дизайнмен тарату да тиімді тәсіл бола алады.

Сонымен қатар, Абай мен Йасауидің мұрасын насихаттайтын интерактивті қосымшалар мен білім беру ойындарын әзірлеу жастардың назарын аударып, олардың рухани дамуына ықпал етеді.

Рухани бағыттағы арнайы орталықтар құру да маңызды қадам болмақ. Мысалы, «Абай мұрасы орталығы» немесе «Йасауи рухани мектебі» сияқты мекемелер ұлттық мәдениеттің рухани аспектілерін жаңғыртуға және адамдарды тәрбиелеуге қызмет етеді. Жастарға арналған рухани тәрбиелік лагерьлер ұйымдастыру арқылы Абай мен Йасауидің шығармаларын тереңірек талдап, ұлттық мәдениетке негізделген тренингтер өткізуге болады. Мұндай іс-шаралар жастардың рухани дамуына ықпал етіп, ұлттық бірегейлікті нығайтуға көмектеседі.

Қоғамдық диалог платформаларын құру да рухани мәселелерді шешуге ықпал етеді. Абай мен Йасауидің идеяларын талқылауға арналған пікірталас клубтары немесе философиялық қауымдастықтар құру арқылы рухани-адамгершілік мәселелерді ашық талқылап, қоғамды толғандыратын сұрақтарға жауап іздеуге болады. Университеттер мен мәдени орталықтарда көпшілік лекциялар ұйымдастырып, олардың шығармаларынан қазіргі заман үшін сабақ алу жолдарын көрсету маңызды.

Жастармен жұмыс жүргізуде еріктілер қозғалысын дамыту, менторлық бағдарламалар ұйымдастыру да өз нәтижесін береді. Бұл арқылы жастарды рухани құндылықтарға баулу, өзін-өзі тануға қызығушылықтарын арттыру, ұлттық

мәдениетке деген сүйіспеншіліктерін нығайтуға болады. Абай мен Қожа Ахмет Йасауидің рухани мұрасы қазақ қоғамындағы рухани дағдарысты еңсеру мен ұлттық құндылықтарды жаңғыртуда шешуші рөл атқара алады. Олардың идеяларын білім беру, мәдениет және технологиялық құралдарды біріктіре отырып қолдану қоғамды рухани тұрғыдан жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Қорытынды.

Абай Құнанбайұлы мен Қожа Ахмет Йасауидің рухани мұрасы қазақ халқының рухани дамуы мен ұлттық бірегейлігін нығайтуда ерекше орын алады. Олардың шығармаларындағы әділеттілік, адамгершілік және рухани жетілу идеялары қазіргі қоғамның рухани дағдарысын еңсеру үшін маңызды құрал бола алады. Бұл идеяларды білім беру, мәдениет және заманауи технологиялар арқылы насихаттау қоғамды рухани жаңғыртудың тиімді жолы болып табылады.

Абай мен Йасауидің мұралары қазақ халқының рухани құндылықтарының тарихи сабақтастығын айқындай отырып, жастардың тәрбиесінде, ұлттық құндылықтарды сақтауда және жаһандануға қарсы тұруда маңызды рөл атқарады. Олардың идеяларын интеграциялау қоғамның әлеуметтік және мәдени тұрақтылығын нығайтуға және ұлттық рухани жаңғыруды қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Осы зерттеу Абай мен Йасауидің рухани мұрасын практикалық тұрғыдан қолдануға және заманауи талаптарға бейімдеуге негізделген маңызды қадам болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қасымжанов, А. Қазақ философиясының тарихы [Мәтін] / А. Қасымжанов.–Алматы: Ғылым, 1988. –272 бет.
2. Қасымжанов, А. Абай және рухани мәдениет [Мәтін] / А. Қасымжанов.–Алматы: Ғылым, 1995. – 271 бет.
3. Есім, Ғ. Хакім Абай [Мәтін] / Ғ. Есім.–Астана: Фолиант, 2012. – 400 бет.
4. Балтабаев, М. Қазақ дүниетанымы және ислам философиясы [Мәтін] / М. Балтабаев.– Алматы: Ғылым, 2008. – 320 бет.
5. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауидің дүниетанымы [Мәтін] / Д. Кенжетай.–Алматы: Арыс, 2008. – 360 бет.
6. Нұрмұратов С. Қазақ философиясының рухани бастаулары [Мәтін] / С. Нұрмұратов.– Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 280 бет.
7. Керімбаева, З. Сопылық ілім және қазақ мәдениеті [Мәтін] / З. Керімбаева.–Алматы: Рауан, 2012. – 320 бет.
8. Нұрғалиев, Р. Рухани жаңғыру және ұлттық құндылықтар [Мәтін]. – Алматы: Руханият, 2020. – 250 бет.
9. Нұрланова Қ. Цифрлы дәуірдегі рухани құндылықтар [Мәтін] / Қ. Нұрланова. – Нұр-Сұлтан: Ұлттық кітапхана, 2022. – 200 бет.
10. Абай Құнанбаев: 10 томдық жинағы, 3-том, Қарасөз (Ғаклия) [Мәтін]. – Семей: 2020. – 224 бет.
11. Ахмет Иассауи. Диуани хикмет [Мәтін]. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2009. – 312 бет.

Р.Е. Джуншеев¹

¹Таразский университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

ПРОБЛЕМА АДАПТАЦИИ ИДЕЙ ЯСАВИ И АБАЯ
К СОВРЕМЕННОМУ КАЗАХСТАНСКОМУ ОБЩЕСТВУ

Аннотация. Данная статья анализирует идеи гуманизма, справедливости и духовного совершенствования в духовном наследии Абая Кунанбайұлы и Ходжи Ахмеда Ясауи в контексте культурно-социальных проблем современного казахского общества. В работе детально рассмотрено значение их идей в воспитании молодежи, сохранении национальной идентичности и духовном обновлении в условиях глобализации.

В ходе исследования были выявлены основные идеи трудов Абая и Ясауи, а также предложены пути их интеграции в современную образовательную систему, социальную и культурную жизнь. Кроме того, в исследовании применялись такие методологические подходы, как диалектический, герменевтический, феноменологический и историко-сравнительный.

Данное исследование демонстрирует духовную преемственность Абая и Ясауи и определяет роль их идей в укреплении национальной культуры и духовности.

Ключевые слова: Абай Кунанбайұлы, Ходжа Ахмед Ясави, духовное наследие, духовное обновление, нравственное воспитание.

R.E.Zhunshev¹

¹M.Kh. Dulati Taraz University, Taraz, Kazakhstan

ISSUES OF ADAPTING THE IDEAS OF YASAWI AND ABAI
TO CONTEMPORARY KAZAKH SOCIETY

Abstract. This article analyzes the ideas of humanity, justice, and spiritual growth in the spiritual heritage of Abai Qunanbaiuly and Khoja Ahmed Yasawi within the context of the cultural and social challenges of modern Kazakh society. The study thoroughly examines the significance of their ideas in youth education, the preservation of national identity, and spiritual renewal in the era of globalization.

The research identifies the core ideas of Abai and Yasawi's works and proposes ways to integrate them into modern education, social, and cultural life. Methodological approaches such as dialectical, hermeneutic, phenomenological, and historical-comparative methods were employed.

This study highlights the spiritual continuity between Abai and Yasawi and defines the role of their ideas in strengthening national culture and spirituality.

Keywords: Abay Kunanbayuly, Khoja Ahmed Yasawi, spiritual heritage, spiritual renewal, moral education.

References

1. Kassymzhanov, A. Qazaq filosofiyasınıñ tarıxı [The History of Kazakh Philosophy]. – Almaty: Gylym, 1988. – 272 p. [in Kazakh]
2. Kassymzhanov, A. Abay jäne rwxanı mädeniät [Abai and Spiritual Culture]. – Almaty: Gylym, 1995. – 271 p. [in Kazakh]
3. Yesim, G. Xakim Abay [Hakim Abai]. – Astana: Foliant, 2012. – 400 p. [in Kazakh]
4. Baltabayev, M. Qazaq dünüetanı jäne islam filosofiyası [Kazakh Worldview and Islamic Philosophy]. – Almaty: Gylym, 2008. – 320 p. [in Kazakh]
5. Kenzhetai, D. Qoja Axmet Yasawıdıñ dünüetanı [The Worldview of Khoja Ahmed Yasawi]. – Almaty: Arys, 2008. – 360 p. [in Kazakh]
6. Nurmuratov, S. Qazaq filosofiyasınıñ rwxanı bastawları [Spiritual Sources of Kazakh Philosophy]. – Almaty: Kazakh University, 2016. – 280 p. [in Kazakh]
7. Kerimbayeva, Z. Sopılıq ilim jäne qazaq mädeniäti [Sufism and Kazakh Culture]. – Almaty: Rawan, 2012. – 320 p.
8. Nurgaliyev, R. Rwxanı jañğırw jäne ulttıq qundılıqtar [Spiritual Renewal and National Values]. – Almaty: Rukhaniyat, 2020. – 250 p. [in Kazakh]
9. Nurlanova, K. Cıfırlı дәwirdegi rwxanı qundılıqtar [Spiritual Values in the Digital Age]. – Nur-Sultan: National Library, 2022. – 200 p. [in Kazakh]
10. Abai Kunanbayev. 10 tomdıq jınağı, 3-tom, Qarasöz (Ğakliya) [Collected Works in 10 Volumes], Vol. 3: “Kara Soz” (Book of Words). Semey, 2020. – 224 p. [in Kazakh]
11. Ahmed Yasawi. Axmet İassawı. Dıwanı xıkmät [Diwani Hikmet (Book of Wisdom)]. – Almaty: International Abai Club, 2009. – 312 p. [in Kazakh]

13.11.2025 ж. баспаға түсті

29.12.2025 ж. басып шығаруға қабылданды

Мақалаға сілтеме:



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).